



Ақтөбе облысы әкімдігінің
2025 жылғы «04» 09
№ К-199 қаулысымен
бекітілді

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«№3 Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ереже

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№3 Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыру функцияларын іске асыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес коммуналдық мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мекеме Ақтөбе облысы әкімдігінің 2025 жылғы «20» 06 № 107 қаулысымен құрылды.

4. Ақтөбе облысының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) мектеп құрылтайшысы болып табылады.

5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі – Тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады. Ақтөбе облысының әкімдігі атынан «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі мектептің мемлекеттік мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы) болып табылады.

6. Мекеме атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№3 Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мекеменің мекенжайы: индекс 030614, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Сарыжар ауылдық округі, Сарыжар ауылы, Абай көшесі, 2 ғимараты.

2. Мектептің заңдық мәртебесі

8. Мекеме мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген жеке мемлекеттік мекеменің атауы жазылып мөрі болады.

10. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мектеп ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Құрылтайшы субсидиарлық жауап болады.

12. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылық департаментінде міндетті тіркеуден өткен соң күшіне енеді.

2. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мекеме қызметінің мәні:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін бағдарламаларды іске асыру;

2) тұлға, қоғам, мемлекет мүддесінде оқыту және тәрбиелеу;

3) дарынды баланың жан-жақты тұлға ретінде дамуына қолайлы жағдай жасау;

4) оқушылардың өз бетімен білім алуы және қосымша білім алу қажеттілігін қанағаттандыру.

14. Мекеменің мақсаты:

1) Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарттарының негізінде құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін бағдарламаларды іске асыру;

2) мәдениеті жоғары деңгейдегі, қоғам өміріне бейімделген, тереңдетілген және кеңейтілген білім бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және меңгеруге дайын интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру;

3) қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілденген мемлекеттік стандарттардың шегінде тегін негізгі білім деңгейін алуына бүкіл азаматтардың құқығын іске асыру болып табылады;

15. мектеп мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

1) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) құзырлық тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағытталған оқыту бағдарламаларын игеру арқылы оқушыларды функционалды сауаттылықты дамытуға жағдай жасау;

3) оқушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары мен белгіленген базалық ғылым негіздерін алуды қамтамасыз ету;

4) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, салауатты өмір салтымен өнегеліліктің мықты негіздерін қалыптастыру;

5) азаматтылық пен патриотизмді, өз Отанына – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеу, халық дәстүрін қадірлеу, әрбір Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы құбылыстарға төзбеушілікке үйрету;

6) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығы мен міндеттеріне саналы қарым-қатынасын қалыптастыру;

7) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне араластыру, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа ұлттардың тарихын, салт-дәстүрлерін оқыту;

8) сапалы мектепке дейінгі дайындықты қамтамасыз ету;

9) мемлекеттік, орыс және шетел тілдерін үйрету;

10) оқытудың жаңа технологияларын енгізу мен тиімді пайдалану;

11) баланста тұрған объектілерді ұстау, пайдалану және қызмет көрсету бойынша шаруашылық қызметін жүзеге асыру;

12) қосалқы инфрақұрылымның дамуын, материалдық-техникалық базаны нығайтуды қамтамасыз ету;

13) Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіміне сәйкес жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметтерді жүзеге асыру;

15) мектепке жарғыда бекітілген қызметтердің мәні мен мақсатына сәйкес келмейтін қызметтермен айналысуға, сондай-ақ келісімдер жасауға тыйым салынады;

16. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шектеу қойылған қызмет мақсаттарына қайшы, не оның басшысының жарғылық құзіретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Мекеменің жарғыдан тыс әрекетін жүзеге асыруға бағытталған басшының іс-әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік шаралар мен материалдық жауапкершілікке тартылады.

18. Мекеме білім беру қызметін:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті оқу стандарттарына;

2) үлгілік оқу жоспарларына;

3) Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

19. Мекемеде білім беру үдерісінің субъектілері оқушылар, тәрбиеленушілер, педагогикалық жұмыскерлер, оқушылардың, тәрбиеленушілердің ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері болып табылады.

20. Мекемеде мектепке дейінгі бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлеріне оқытуға қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

21. Мекемеде оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде жүргізіледі.

22. Мекемедегі білім беру мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылып, жүзеге асырылып отырған жұмыс бағдарламалары және оқу жоспарларымен анықталады.

23. Оқушылардың білімін аралық және қорытынды аттестациясын ағымдағы бақылау жүйесі түрлері мен оларды өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес регламенттеліп, жүзеге асырылады.

24. Мектепте келесі тәртіп белгіленген: оқу сабақтары екі ауысымда өтеді. Сабақтардың және сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы санитарлық ережелердің талаптарына сәйкес белгіленеді.

25. Медициналық қызмет көрсетуді медбике жүзеге асырады, ол әкімшілікпен педагогикалық қызметкерлермен қатар, оқушылар тәрбиеленушілердің денсаулығына және дене дамуына, емдеу шараларын өткізуге және санитарлық-гигиеналық нормаларын сақтауға жауап береді.

26. Мекемедегі тамақтану мектеп асханасында оқу қоры есебінен (жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көп балалы, аз қамтылған отбасының балалары, мүгедек балалармен, бала кезінен мүгедек балалар үшін) жаппай жүзеге асырылады.

27. Мекеме құқықтары:

1) осы жарғыға сәйкес құзыреті аясында мектептің мүддесін қорғау;

2) өз құзыреті аясында мектеп қызметкерлерінің барлығына міндетті бұйрықтар шығару;

3) белгіленген тәртіппен мемлекеттік атқарушы билік органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан, (оларды ұйымдастыру-құқықтық нысаны мен ведомстволық қатыстылығына карамастан) өз қызметіне қажетті мәліметтер, ақпараттар мен құжаттарды сұрауға және алуға;

4) білім саласындағы мәселелерді шешуге қажетті уақытша немесе тұрғылықты жұмыс топтарын, комиссияларын және басқа да ұжымдық органдарын құруға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім бөліміне құрылтайшы құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар туралы өтініш жасауға;

6) белгіленген тәртіпте және өз қызметінің мақсатына сәйкес өзіне бекітілген мүлікті пайдалануға;

7) жергілікті атқарушы органдарының келісімі бойынша өзінің негізгі қызметін жоспарлау және білім саласын дамытуды анықтау;

8) теориялық және практикалық білімін, іскерлігі, машығын жандандыру мақсатында және сапалы мемлекеттік қызмет көрсету үшін мектеп-гимназия қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарын жүзеге асыру.

28. Мекеме міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын сақтау, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, басқа да нормотивтік құқықтық актілерді және осы жарғыны орындау;

2) сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы мемлекеттік қызметті пайдаланушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді орындайды.

29. Мекемеде мектепалды даярлық сыныптар құрылуы мүмкін. Мектепалды даярлық сыныптарына ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне бес немесе алты жасқа толған балалар қабылданады.

30. Мекеме жазғы кезеңде балалардың сауығуы үшін өз жағдайларын ұсынады (мектеп жанындағы лагерьдің күндізгі уақытта балалармен атқаратын жұмысы).

31. Мекеме балалардың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындысына сәйкес оқушыларға үйде білім беруді қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің нұсқаулығына сәйкес аптасына оқу сағатының көлемі, сабақ кестесі құрылып, бұйрық бойынша оқушымен жұмыс жасайтын педагогтар құрамы анықталып, өткізілген сабақтар журналға тіркеліп жазылады. Ата-аналар (заңды өкілдері) үйде сабақ өткізуге жағдай жасауы тиіс.

32. Мекеменің және оның қызметкерлерінің мемлекеттік аттестациясы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізіледі.

33. Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қызметтерді атқарады.

34. Мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не директордың жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле білім бөлімінің, жергілікті атқарушы органның немесе прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

35. Мекеме директорының Мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

4. Мектепке қабылдау тәртібі

36. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мектепалды даярлық тобына жаңа оқу жылының 1 қыркүйегіне дейін 5 жастан, 1-класқа 6 жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды қабылдайды (ҚР БҒМ «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы).

37. Денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы білім беру мекемесіне бара алмайтын білім алушылар үшін үйде дербес оқыту ұйымдастырылады.

38. Мекемеге қабылдау ата-аналарының (немесе заңды өкілдерінің) жазбаша өтініші, дәрігерлік анықтама, туу туралы куәліктің көшірмесі негізінде жүзеге асырылады.

39. Оныншы бейіндік кластарға қабылдау білім алушының қызығушылығы, бейімділігі және қабілеттілігі ескеріліп, оқушының жеке арызы, ата-ананың келісімі (заңды өкілдері), негізгі орта білім туралы құжаты негізінде жүргізіледі.

40. Оқушыларды қабылдау кезінде мектеп-гимназия ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді Жарғымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен, ішкі тәртіп ережелерімен және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

5. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

41. Мекеме төмендегідей білім беру бағдарламаларын ұйымдастырады:

- бастауыш білім беру - төрт жыл;
- негізгі орта білім беру (меңгеру мерзімі – бес жыл);
- жалпы орта білім беру (игеру мерзімі – екі жыл).
- білім алушыларды қабілеттері мен бейімдеріне байланысты тереңдетіп, бейіндетіп, саралап оқытуды қарастыратын қосымша жалпы білім беру;

- тереңдетілген, сараланған, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыру;

- қосымша білім беру;

42. Білім алушылардың сабақтарының тәртібі төмендегідей:

1-кезең – сабақтың басталуы – 8.00;

2-кезең – сабақтың басталуы – 14.00;

43. Мектепте оқу процесін ұйымдастыру оқу жоспарының, сабақ кестесімен реттелетін мектептің өзі жасаған жұмыс оқу жоспарының негізінде құрылады. Мектепте сабақ кестесі мектеп директорымен немесе оны ауыстырушымен бекітіледі.

44. Саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 4 сағат есебінен қаражат, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 ставка бөлінеді.

Білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, дарынды балалар үшін мектепке жылына 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарттық негізде жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін қаражат бөлінеді. Ерекше дарынды оқушылармен бағдарламаларды жеделдетіп өткізуді ұйымдастырған жағдайда әр міндетті пән бойынша 0,25 ставка мөлшерінде қаражат бөлінеді. Таңдау бойынша факультативтік сабақтар және курстар топтарда кемінде 10 адам болғанда жүргізіледі.

45. Мектептегі оқу мен тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесінің кестесі мен теориялық және практикалық сабақтар кестесін бекіту арқылы жүзеге асырылады. Мектептегі оқу және тәрбие жұмыстарын есебі теориялық және өндірістік оқытудың есепке алу журналдарын және оқу бағдарламаларының оқу сағаттарында орындалуын есепке алу журналдары мен табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

46. Оқу жылының басталуы мен аяқталу мерзімдерін тек Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгілейді.

47. Негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын игеру Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен бекітілген ережемен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын мектеп бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

48. Мектеп білім алушыларды аралық аттестаттау нысандарын, тәртібін және мерзімін таңдауда дербестік таныта алады.

49. Мектеп ата-аналардың (немесе өзге де заңды өкілдердің) қалауы бойынша жалпы білім беру бағдарламаларын немесе олардың бір бөлігін игеру үшін күндізгі білім алу, экстернат нысанында оқуға жағдай жасауға ықпал етіп, көмек көрсетеді.

50. Мектептегі кластардың саны санитарлық нормалардың талаптары мен жалпы білім беру процесін жүзеге асыру жағдайларына байланысты анықталады. Кластардың толымдылығы 24 адамнан кем емес мөлшерде белгіленеді. Қажетті жағдайлар мен жабдықтар болған жағдайда кластарды аз мөлшердегі толымдылықпен комплектілеуге болады.

51. Мектепте оқу жылы қыркүйек айының бірінші күнінен басталады, егер де бұл күн жексенбіге сәйкес келсе, онда оқу жылы одан кейін бірінші жұмыс күнінен басталады. Оқу жылының ұзақтығы: 1 кластар үшін 33 апта, 2-11 кластар үшін -34 апта.

52. Бірінші кластарда балалардың мектеп талаптарына бейімделуін жеңілдету мақсатында 1-ші кластарда оқу жүктемесін біртіндеп өсірілетін сабақтардың «сатылы» тәртібі енгізіледі, яғни, қыркүйекте – 35 минут, қазан айынан бастап – 45 минут.

53. Оқушылар мен ата-аналардың мүдделерін ескере отырып және қабілеттерін дамыту мақсатында оқу жоспарының жылжымалы бөлігі есебінен кластарда қосымша пәндер енгізілуі мүмкін.

6. Білім үрдісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

54. Мектепте жалпы білім үрдісінің қатысушылары мыналар болып табылады: оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, оқушылардың ата-аналары (оларды алмастырушы тұлғалар).

55. Мектепте әр оқыту сатысы бойынша білім алу үшін оқушыларды қабылдау ата-аналардың немесе оларды алмастырушы тұлғалардың өтініштері бойынша, заңмен анықталған жас ерекшелігіне қарай және медициналық қарсы көрсетілімдерсіз жүргізіледі.

56. Азаматтарды орта білім алуына құқығын сақтау жауапкершілігі мектеп әкімшілігіне жүктеледі.

57. Оқушыны қабылдаған кезде мекеме міндетті түрде оқушыларды және олардың ата-аналарын (оларды алмастырушы тұлғаларды) олардың өтініші бойынша Жарғымен және білім үрдісін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа құжаттармен таныстырады.

58. Бірінші сыныпқа баланың мектеп ұсынатын пәндер бойынша оқуға дайындығын есепке ала отырып, оның қабілетіне сәйкес және денсаулығына қарай 6-7 жастағы балалар қабылданады. Қабылдау ата-аналардың (оларды алмастырушы тұлғалардың) жазбаша өтініші және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген қажетті құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

59. Мектеп оқушыларының құқығы бар:

- 1) жалпы орта білімді тегін алуға;
- 2) қызметтің әр түрлерінде ерекше табыстары үшін көтермеленуге;
- 3) медициналық қызметті алуға;
- 4) кітапхана қорын тегін пайдалануға;
- 5) қосымша білім қызметін алуға;
- 6) мектеп оқушылар ұйымын басқаруға қатысуға ;
- 7) адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, ақпарат еркіндігіне, өз көзқарасын және пікірін еркін айтуға.

60. Мектеп зайырлы және дін білімін айыру принципін сақтауға міндетті. Әртүрлі діни тәрбиелеуге рұқсат етілмейді.

61. Қорытынды аттестацияны сәтті өткен мектеп-гимназия түлектеріне тиісті білімі туралы мекеме мөрімен куәландырған мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

62. Негізгі жалпы орта білім бағдарламаларын меңгерген кезде ерекше жетістіктерге жеткен түлектерге үздік куәлік беріледі.

63. Оқушылар міндетті:

- 1) мектеп Жарғысын орындауға және ішкі тәртіп ережелерін орындауға;
- 2) жақсы оқуға және мектеп мүлкіне ұқыпты қарауға; мектеп мүлкіне оқушы зиян келтірсе, ата-аналармен бірге оның құнын және мүлікті қайта қалпына келтіруге;

3) мектептегі қызметшілердің және басқа оқушылардың қадір-қасиетін және арын құрметтеуге;

4) құқыққа қарсы істерді жасаған үшін кеңес шешімі бойынша, осы Жарғыны өрескел және бірінші рет бұзған үшін педагогикалық ең соңғы шара-15 жасқа толған оқушыларды мектептен шығару қолданылады, жетім, ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларды мектептен шығару туралы шешім қамқоршылық және қорғаншылық органдарының келісімімен қабылданады;

5) Білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға:

Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен регламенттеледі. Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы (бұдан әрі – мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді.

Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады. Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Мектеп формасына қосуға рұқсат етілмейді және киюге тыйым салынады:

- жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар;
- түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтері.

Білім алушылар белгіленген мектеп формасын сақтауға, ал ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға міндетті.

6) қамқоршылық кеңеспен келісе отырып, мектеп формасын кию;

7) мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

8) мектеп оқушыларының ережесі негізінде мектепке ұялы телефон, смартфон әкелмеуге.

64. Білім беру ұйымдарына алып кіруге және қолдануға болмайтын заттардың тізімі:

1) қарулар: барлық атыс пистолеті, револьвер, винтовка, шолақ мылтық және т.б;

атыс қаруының құрастырушы бөлігі (оптикалық құрылғылар, көздеуіштерден басқа);

2) газды қару: пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;

3) сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;

4) шеге қағу мен болттарды ұстататын өндірістік құрылғылар;

5) арбалеттер, катапультар, сүңгірлер және найзалы құралдар;

6) жануарларды жансыздандыруға арналған құралдар;

7) мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып-соғатын құралдар;

8) атыс қаруы түрінде жасалынған тұтқыштар;

9) травматикалық және жарық дыбыстық патрондарымен ұңғысыз қару;

10) электрошокты құрылғылар;

11) қадалғыш/кескіш қарулар мен заттар;

12) балталар, сүңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;

13) жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;

14) металдан немесе мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;

15) ас үй пышақтары;

16) аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;

17) ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер(қауіпті және бір реттік қосымша лезвиесі бар ұстараларды қоса);

18) қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы;

19) скальперлер;

20) металды жұлдыздар;

21) қадалғыш немесе қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар, бұрағыштар, балғалар;

22) бұрандылар;

23) тері астына дәрі беретін және тоқитын инелер;

24) жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;

25) жүзінің ұзындығы 60мм асатын жинамалы, бүктемелі жолға арналған пышақтар.

67. Кәмелеттік жасқа толмағандардың ата-аналары және басқа заңды өкілдерінің құқығы:

1) баланың жеке ерекшелігін және қабілетін, тілегін ескере отырып, мекеме ұсынған оқыту түрін таңдау;

2) ата-аналардың ұжымы арқылы мектепті басқару органдарының жұмысына қатысу;

3) мектептен өз балаларының оқу шарттары және мінез-құлқы,үлгерімі бойынша ақпарат алу;

4) мектепте өз балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселесі жөнінде кеңестік көмек алу.

68. Ата-аналар және басқа заңды өкілдер міндетті:

1) балаларға өмірі мен оқуына салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау, интеллектуалды және физикалық күшін дамытуын, өнегелі болуын қамтамасыз ету;

2) бес (алты) жастағы балаларға мектепалды даярлауды қамтамасыз ету, алты (жеті) жастан оқу орындарын анықтау;

3) мектеппен қарым - қатынас жасау;

4) мектепке балалардың баруын қамтамасыз етеді.

5) ата – аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымының белгіленген мектеп формасын киюіне жауап береді.

69. Ата – аналар (оларды алмастырушы тұлғалар) мекеме Жарғысын орындауға міндетті және өз балаларын оқытуға және тәрбиелеуге жауапты, сонымен қатар мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарауға міндетті.

70. Мектепте тиісті кәсіби білімі бар азаматтар педагогикалық қызметпен (оқыту және тәрбиелеу) айналысуға құқылы.

71. Сот үкімі немесе медициналық көрсеткіштермен тыйым салынған тұлғаларға мекемеде педагогикалық қызмет көрсетуге рұқсат берілмейді.

72. Мектеп қызметкерлерінің – құқығы бар.

1) кәсіби намысы мен қадір – қасиетін қорғауға;

2) мектептегі тұлғалар мекеме Жарғысын орындауға, өз балаларын оқытуға қатысуға;

3) кәсіби қызметінің жағдайларын қамтамасыз етуге;

4) педагогикалық қызметін ұйымдастыру түрі мен тәсілдерін таңдау еркіндігіне;

5) біліктілік санатын арттыруға және оны аттестациядан сәтті өткен жағдайда алуға;

6) жыл сайын берілетін еңбек демалысына;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әлеуметтік жеңілдіктер мен кепіліне және мектеп аймағында ұсынған қосымша жеңілдіктерге құқығы бар.

8) мектеп қызметкерлерінің еңбек қатынасы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

7. Мекемені басқару

73. Мекемені жалпы басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

74. Мекеменің құрылтайшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мектепті құру, қайта құру және жою туралы шешім қабылдайды;

2) мектеп жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органға мемлекеттік және жеке шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған мүлікті қайтарып алу және қайта бөлу бойынша келісім береді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

75. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады;

1) мектептің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мектеп мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) мектептің құқығын қалыптастыру тәртібі және басқару органдарының құзырет мерзімін мектеппен шешім қабылдау тәртібін анықтайды;

4) мектеп басшысының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігін, оны қызметтен босату негіздемелерін анықтайды;

5) мектептің құқығын және штаттық саны шегін бекітеді;

6) жылдық қаржылық есепті бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

76. Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасының функцияларды жүзеге асырады.

1) мектепке мүлік бекітеді;

2) мектеп мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

77. Мектеп басшысы (бұдан әрі – директор) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тиісті саласының уәкілетті органмен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

78. Директор мектеп жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады және мектепке жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

79. Директор дара басшылық қағидаттары бойынша әрекет етеді және мектеп қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

80. Мектептің қызметті жүзеге асыру барысында директор Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мектептің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда және де өзге ұйымдарға мекеме мүдделерін ұсынады;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мектептің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банктік шоттар ашады;
- 7) барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) мектеп қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) мектеп қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік шараларды қолданады;
- 10) мектеп қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

8. Мекеменің мүлкін қалыптастыру тәртібі

81. Мекеме мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мектеп мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

82. Мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

83. Мекеменің қызметі облыстық бюджеттен қаржыландырылады.

84. Мекеменің бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

85. Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы және өзге де органдары жүзеге асырады.

9. Мектептің жұмыс тәртібі

86. Мектептің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларын қайшы келмеуі тиіс.

10. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

87. Мектептің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

88. Мектептің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

11. Мекемені қайта құру мен тарату шартты

89. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Мекеме филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

90. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.